



БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 6 шілде күні

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ *1-03/342/1*

город Павлодар

**«Менің отбасым» атты
шығармашылық байқау
өткізу туралы**

Шығармашылық жұмысқа тарту және Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын, белсенділігін қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан халқының Тілдері күніне орай мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілері мен олардың ата-аналары арасында «Менің отбасым» атты ана тіліндегі шығармашылық байқау өткізілсін (бұдан әрі – Байқау).

2. Байқаудың қалалық кезеңі туралы ереже бекітілсін (1 қосымша).

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының басшылары байқаудың қалалық кезеңіне мектепке дейінгі ұйымдардың балалары мен олардың ата-аналарының, педагогтерінің қатысуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Г.А. Шиндлярскаяға жүктелсін.

Білім беру бөлімінің басшысы

А. Маликова

Бұйрықпен таныстырылды:

Г. Шиндлярская

**О проведении творческого конкурса
«Менің отбасым»**

В целях формирования познавательных способностей, интересов, активности детей дошкольного возраста через привлечение к творческой работе и ознакомления с культурой, традициями, обычаями народов, проживающих в Республике Казахстан **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Провести творческий конкурс среди воспитанников дошкольных организаций и их родителей на родном языке «Менің отбасым» ко Дню языков народа Казахстана (далее-Конкурс).

2. Утвердить положение о городском туре Конкурса (приложение 1)

3. Руководителям организации образования дошкольного воспитания и обучения обеспечить участие детей, их родителей, педагогов дошкольных организаций в городском туре Конкурса.


4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заведующую методическим кабинетом Шиндлярская Г.А.

Руководитель
отдела образования



А.Маликова

Бұйрықпен таныстырылды:



Г. Шиндлярская

**Қазақстан халқының Тілдері күні қарсаңында
балалар және олардың ата-аналарының қатысуымен
«Менің отбасым» атты ана тіліндегі шығармашылық байқау
(өлеңдер, ертегілер, билер, қойылымдар) өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында Қазақстан халқының Тілдері күні қарсаңында балалар және олардың ата-аналарының қатысуымен ана тіліндегі шығармашылық байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын айқындайды.

Байқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің (бұдан әрі - Институт) 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

Мақсаты: шығармашылық жұмысқа тарту және Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын, белсенділігін қалыптастыруға ықпал ету.

1.4. Міндеттері:

- дербес, білімқұмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды тәрбиелеу;

- белсенділікке, нәтижелі қызметке баулу;

баланың дербестігін және ересектердің балаларға деген мейірімділік қарым-қатынасын ынталандыру;

балаларды әртүрлі этникалық топтардың мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге және олармен танысу қажеттілігіне, туған жеріне, өзі тұратын еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

- педагогтерді ұлттық құндылықтардың балалардың тұтас дамуының қазіргі заманғы теорияларымен үйлесуіне ынталандыру.

2. Ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, облыс білім беру басқармалары болып табылады.

2.2. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

I кезең - аудандық (қалалық);

II кезең - облыстық;

III кезең – республикалық.

Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде қазылар алқасының құқықтары берілген комиссия құрылады.

Байқау комиссиясының құрамына ұйымдардың басшылары, жоғары білікті

педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері және т. б. кіреді. Байқау комиссиясының мүшелері ұсынылған материалдарды зерделейді, келесі кезеңдерге қатысу үшін жеңімпаздарды анықтайды. Байқау қорытындысы бойынша екі жеңімпаз анықталады, олар келесі кезеңге қатысу үшін жіберіледі.

Байқау комиссиясы мүшелерінің:

- әр номинацияда орындардың қайталануына жол беруге;
- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындар бермеуге;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарамауға;
- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамауға құқығы бар.

Қалалық кезеңнің байқау комиссиясының қарауына мынадай материалдарды жібереді:

байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 2-қосымшасы);

бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша білім беру ұйымының (сәбилер-балабақша) байқау комиссиясының хаттамасы (сканерленген көшірмесі).

аудандық және қалалық білім беру бөлімдерінің **ілеспе хаты**;
бейнематериал.

2.8. Материалдар **«Менің отбасым»** байқауының атауымен **2022 жылғы** **» қыркүйектен** кешіктірілмей nurgalieva@goo.edu.kz электрондық поштасына жіберіледі, көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

«Менің отбасым» шығармашылық байқауының қатысушыларына қойылатын талаптар

Байқау қатысушылардың ана тілінде, 3 жастан 5 (6) жасқа дейінгі мектепке дейінгі ұйымдардың балалары арасында ата-анасының (заңды өкілі) қатысуымен өткізіледі.

Байқау барысында жеке өлеңдер, сондай-ақ шығармалардан, ертегілерден, әндерден, қойылымдардан үзінділер пайдаланылуы мүмкін.

Байқау үй-жайда тиісті безендіруді, декорацияларды, костюмдерді, музыкалық сүйемелдеуді пайдалана отырып өткізіледі.

3.4. Қатысушылар әннің, қойылымның, бар болса шығарманың авторын жариялап шығады.

Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, Интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге келісімін береді.

3.6. Өтінім болашақта Байқауға қатысушылардың осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, Байқау өткізу шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

Бағалау критерийлері

4.1. Орындау деңгейі 3 балдық жүйе бойынша келесі критерийлер бойынша

бағаланады:

- таңдалған материалдың байқау тақырыбына сәйкестігі;
- таңдалған материалдың қатысушының жасына сәйкестігі;
- шығарманың атауын жариялай білу;
- орындалатын шығармаға өз көзқарасын интонация, ым-ишара, мимика арқылы жеткізе білу;
- мәтінді білу және дұрыс айту;
- сыртқы келбетінің сәйкестігі;
- бейнероликтің сапасы.

5. Бейнематериалға қойылатын талаптар

Байқаудың бейнежазбалары мынадай талаптарға сай болуға тиіс:

- түсірілім кәсіби, сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай (басынан аяғына дейін) орындалуы тиіс;

бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;

- әрбір файлдың көлемі 300 Мб артық емес;
- бейне файлдарда қатысушылар туралы ақпарат болуы керек (аты-жөні, жасы, атауы).

6. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

Байқау қорытындысы бойынша қатысушылар номинацияларға сәйкес дипломдармен марапатталады:

- «Үздік жеке мәнерлеп оқу»
- «Үздік отбасылық өнер көрсету»
- «Көркем орындау шеберлігі»
- «Көрермен көзайымы»

және «Жеңіске деген жігері үшін» алғыс хаттарымен марапатталды.

**Қазақстан халқының Тілдері күні қарсаңында
балалар және олардың ата-аналарының қатысуымен
«Менің отбасым» атты ана тіліндегі шығармашылық байқауға
(өлеңдер, ертегілер, билер, қойылымдар) қатысу үшін**

_____ облысынан

Өтінім

№	МДҰ-ның толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	Көркем шығарманың атауы	Қатысушылар саны	Жеңімпаз туралы мәліметтер		Жауапты педагогтің аты-жөні
				Баланың аты-жөні	жасы	

ПОЛОЖЕНИЕ

о проведении творческого конкурса на родном языке
«Менің отбасым» ко Дню языков народа Казахстана с участием
детей и их родителей (стихи, сказки, танцы, постановки)

1. Общие положения

1.1. Настоящее положение определяет цель и задачи, порядок организации и условия проведения творческого конкурса на родном языке (далее – Конкурс) «Менің отбасым» с участием детей и их родителей к празднованию Дню языков народа Казахстана среди дошкольных организаций независимо от формы собственности и ведомственной принадлежности.

1.2. Конкурс проводится в соответствии с планом работы РГУ «Институт раннего развития детей» Министерства образования и науки Республики Казахстан (далее – Институт) на 2022 год.

1.3. **Цель:** способствовать формированию познавательных способностей, интересов, активности детей дошкольного возраста через привлечение к творческой работе и ознакомление с культурой, традициями, обычаями народов, проживающих в Республике Казахстан.

1.4. Задачи:

- воспитание самостоятельных, любознательных, общительных, критически мыслящих детей;
- приобщение к активности, продуктивной деятельности;
- поощрять самостоятельность ребенка и доброжелательные отношения взрослых к детям;
- воспитание у детей любви к родному краю, стране, в которой проживают, и необходимости уважать и знакомиться с культурой, традициями и обычаями разных этнических групп;
- стимулировать педагогов на гармоничное сочетание национальных ценностей с современными теориями целостного развития детей.

2. Порядок организации и условия проведения

2.1. Организаторами являются РГУ «Институт раннего развития детей», управления образования областей.

2.2. Конкурс проводится в три этапа:

I этап - организации образования дошкольного воспитания и обучения;

II этап - районный (городской);

III этап - областной;

IV этап – республиканский

2.3. Для организации и проведения Конкурса на всех этапах создается комиссия, наделенная правами жюри.

2.4. В состав конкурсной комиссии входят руководители организаций, высококвалифицированные педагоги, методисты, представители родительской общественности и др.

2.5. Члены конкурсной комиссии изучают представленные материалы, выявляют победителей для участия в следующих этапах. По итогам Конкурса определяется два победителя, которые направляются для участия в следующем этапе.

2.6. Члены конкурсной комиссии имеют право:

- допускать дублирование мест в каждой номинации;
- не присуждать призовые места при возникновении ситуации, когда нет достойных претендентов;
- не рассматривать невоспроизводимые видеоматериалы в связи с техническими неполадками (со стороны участника);
- не рассматривать видеоматериалы, продолжительность которых превышает время, установленное настоящим Положением.

2.7. На рассмотрение конкурсной комиссии городского этапа направляются следующие материалы:

- 1) заявка для участия в конкурсе (приложение 2 настоящего Положения);
- 2) протокол конкурсной комиссии организации образования (ясли-сада) по итогам первого этапа (сканированная копия).
- 3) видеоматериал.

2.8. Материалы высылаются с названием конкурса «**Менің отбасым**» на электронную почту nurgalieva@goo.edu.kz не позднее «**8**» сентября 2022 г. Материалы, поступившие позднее указанного срока, не рассматриваются, а также не возвращаются.

3. Требования к участникам творческого конкурса «Менің отбасым»

3.1. Конкурс проводится на родном языке участников, среди детей дошкольных организаций в возрасте от 3 до 5 (6) лет с участием родителей (законный представитель).

3.2. В ходе Конкурса могут быть использованы отдельные стихи, а также отрывки из произведений, сказок, песни, постановки.

3.3. Конкурс проводится в помещении с использованием соответствующего оформления, декорации, костюмов, музыкального сопровождения.

3.4. Участники объявляют название песни, постановки, произведения, автора, если есть.

3.5. Предоставляя материал, участник даёт свое согласие:

- на использование персональных данных и размещение материалов на сайте, в печатных изданиях, в Интернет-СМИ и иных средствах массового распространения информации;
- на использование материалов, публичное распространение, размещение в сети Интернет, включение в творческие проекты, публикацию в СМИ.

3.6. Заявка является свидетельством того, что будущие участники Конкурса полностью принимает условия настоящего Положения, дают согласие на обработку персональных данных в рамках проведения Конкурса.

4. Критерии оценивания

4.1. Уровень исполнения оценивается по 3-балльной системе по следующим критериям:

- соответствие выбранного материала тематике конкурса;
- соответствие выбранного материала возрасту участника;
- умение объявлять название номера;
- умение выражать свое отношение к исполняемому произведению через интонацию, жесты, мимику;
- знание текста и правильное произношение;
- соответствие внешнего вида;
- качество видеоролика.

5. Требования к видеоматериалу

5.1. Конкурсные видеозаписи должны отвечать следующим требованиям:

- съемка должна быть выполнена профессионально, качественно, без выключения и остановки видеокамеры (от начала и до конца);
- видеозапись принимается в формате MPEG-4;
- размер каждого файла не более 300 Мб;
- видеофайлы должны содержать информацию об участниках (Ф.И., возраст, название).

6. Подведение итогов, награждение победителей

6.1. По итогам Конкурса участники награждаются дипломами, согласно номинациям:

- «Үздік жеке мәнерлеп оқу»
- «Үздік отбасылық өнер көрсету»
- «Көркем орындау шеберлігі»
- «Көрермен көзайымы».

Заявка
для участия в творческом конкурсе на родном языке «Менің отбасым»
ко Дню языков народа Казахстана с участием детей и их родителей
(стихи, сказки, песни, постановки)

от _____

№	Полное наименование ДО (в соответствии с Уставом ДО)	Наименование художественного номера	Количество участников	Сведения о победителе		ФИО ответственного педагога
				ФИ ребенка	возраст	